

Уран өнімін экспортқа шығару туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 ақпандағы N 96 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы
N 406 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406
Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) және "Уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспорты мен импорты жөніндегі Ұлттық оператор туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 26 қарашадағы N 1659 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына "КАТЭП" атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі ұлттық акционерлік компаниясы, "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "NUKEM, Jsc" компаниясы арасындағы 1996 жылғы 21 ақпандағы келісім-шартқа және аталған келісім-шартқа "КАТЭП" акционерлік қоғамы, "Үлбі" металлургия зауыты" акционерлік қоғамы мен "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясының арасындағы 1997 жылғы 18 желтоқсандағы және "КАТЭП" акционерлік қоғамы, "Үлбі" металлургия зауыты" акционерлік қоғамы мен "NUKEM, Jsc" компаниясының арасындағы 1997 жылғы 18 желтоқсандағы қосымша келісімдерге орай СЭҚ ТН коды 2844 180000 килограмм байытылған (U235 бойынша 3,0 проценттен 4,5 процентке дейін байытылған) уран өнімін әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі көрсетілген мөлшердегі өнімдерді белгіленген тәртіппен әкетуге "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясына лицензиялар берсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 181 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мен Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК